

21.006  
4123 15

Жайсанбек  
МОЛДАҒАЛИЕВ





Жайсаңбек  
МОЛДАҒАЛИЕВ



ЖШС  
Жондоғ



Повесть  
және  
әңгімелер



«Ана тілі»  
ЖШС  
2005

82.5/2.122-3  
ББК 84 Қаз 7—44  
М 66

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт  
министрлігі

Ақпарат және мұрагат комитетінің бағдарламасы бойынша  
шыгарылды

М 66 Молдағалиев Ж.

Құс жолы. Повесть және әңгімелер. Алматы: “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2005. — 288 бет.

ISBN 9965—670—26—9

Белгілі қазақ қаламгері Жайсанбек Молдағалиевтың жинағына “Ұстаз жолы” атты қазақтың түңғыш педагогі Ы.Алтынсарин туралы повесі мен бір топ әңгімелері енгізілді.


Әр кезеңнің өз тұлғалары бар, бірақ адамгершілік, еңбекқорлық, адам жанының жұмбақ сырлары келер үрпаққа өнеге боларлық таусылмайтын тақырып. Автор шығармалары осынысымен де құнды.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.


C  $\frac{4702250201}{415 \text{ (05)} - 05} - 05$

ISBN 9965—670—26—9

ББК 84 Қаз 7—44



© Ж.Молдағалиев, 2005  
© “Ана тілі” ЖШС, 2005



# ҰСТАЗ ЖОЛЫ

## ПОВЕСТЬ

(екінші хикая)

### 1

Жер аяғы құрғай бастаған шақ еді. Дала көктем лебімен бусана дем алып жатты.

Мұғаджар асуларының сілемін аралай сілтеп кететін қара шиыр керуен жолымен, парабайлы қүйме жегіп және бір жарав атты ерімен тіркеуге алған Ұбырай Үргызың кең аңғарына, құлан иекті құм-тақыр тұсқа құлап келе жатты.

Жол ыңғайы — жаңа келіп, қоныстанып жатқан казакорыс станицаларын аралап өтетін. Ел мен елдің іргесі тоғыса қоймаған, көшіп келуші де, ығысып орнын беруші де, бірбіріне одырая қарасып, шаң-шұң шуылдастып қалысатын, біреуі: түрі жат шошқасын ұнатпаса, екіншісі бақырауық түйесін куалайтын алакөздеу бір заман еді.

Ұбырай осы секілді қоныстар арасымен жүріп келеді. Атқосшы Құдеріге орыс лаушысы киімін кигізді. Әрлі-берлі тоқтата қалған шабармандарға алдырмай келеді. Енді бір аттері үгілер жерде Үргыз бар. Одан әрі өзінің ата мекені.

Артта, солтүстік батыс бетте Мұғаджар жоталары көгілдір сағым ішінде ақ бөрікті алыптардай қол бұлғасып қалып барады. Алда, Үргыз тақтасына бастайтын керілген кең аңғар байқалады. Күн сәулесі дымқыл, жұмсақ толқынды сағым-ға құміс тозаң шашып түрғандай.

Құдері аттарына, аттары Құдеріге үйреніп алды. Тіпті қүймеге тіркеулі келе жатқан шұбар аттың өзі бір рет кекен өтіп, шылбыр тартқан жоқ. Тоқжарau, сар желіс. Тұпке салған жалпақ қарагер жамбасына құмыра қойсан төгілместей еспе желіспен ығыса аяқ сілтесе, парабайдағы қарагер дөнен де Құдері делбені бос ұстаған соң тұпкі атпен тең тартып, қояндай ырғып келеді. Қызыл доғадағы жез қоңырау үні арба, әт дүбіріне қосылып, жұмсақ даламен жұмсақ жосылтып келе жатқан жолаушылар жүрісіне ән қосады.

Орынбор сапарынан Ыбырай жұмысыма бір шама тиянақты жауап алды деп келеді.

Ендігі алаңы өзі кеткелі ел ішінен жеткен хабар. Патша ағзамның 1867—1868 жылғы жарлығына орай бұл өлкеге келген өзгеріске Ыбырай да үлкен сеніммен қарап еді. Нәк осы жолы өлкे басшылары қолына ұстасып жіберген жәрдемі болмағанмен, ел басқару ісінің бір жүйеге түсіумен — өзінше жаңа ой-толғаныстар, жоспарын жасыра алмаған. Сол ереженің елге тарағанына жылдан асып барады. Өзі көздеген мақсат тұрғысынан Ыбырай да қапы қалмау керек қой. Аз деп азырқануға, көп деп куануға болмайтын іс бастады. Көзбен көріп, қолмен ұстайтын үлгісі-өрісі жоғына қарамай Файсаның туған күніне орай ашылған орыс-қазақ мектебінің төрт жыл оқыған шәкірттері енді-енді аяқ басып кеткелі отыр.

Орынбор басшылары ендігі бекініс бастыры ояз Яков Петровичтің етініші бойынша — Торғайдағы сот ісін жүргізуге де Ыбырайды бекітіп жіберді.

Мұғалжар жоталарының мөлдір салқын сұын алып Үргыз атырабына құлайтын көптеген қара өзек сайлар болушы еді. Соның бірі жолаушылар алдын кесе көлденендей берді.

Күдері де ат басын ірікті. Аңғарға түсе байқасты: алда қоныс аударушылардың шұбырған көші байқалды. Ұзынкарасы оншақты арбаға тиелген мұліктен көрі жадау-жұдеу кісілер басым. Беті-қолы ісінген балалар, мұжілген кемпіршаш. Жаяулаған шаруа адамдары. Ыңышағы айналған көтөрем сиыр, арбаны әзер сүйреген жауыр мәстек. Он көліктің алдында, түбінде десятник бола кетуге өзір аузы-басын түк басқан жирен мұжық салт келе жатыр. Ескілеу солдат ері атының арқасын алып тастаған болуы — мәстегі құлағын жымпітып, қамшы сілтеген сайын бауырын теуіп қалады.

Ыбырай күймесі қоныс аударушылар көшін орағытып өте берген еді. Әлгі жирен мұжық атын борбайлап, мұның алдын орай берді.

· Осы секілділердің жолаушы қазактарға жасаған тізе көрсетуін Ыбырай талай корген. Тымағын қолтығына қысып, ерін арқалап, таяқ жеп қалған жылқышылар талай жолықкан. Мал атаулыдан біржола сыптырылып, қара жерге қараш қалған қазақ ауылдарының үстінен талай откен. Оралдың арғы беті Бекетай құмына сіңіп кетіп жатыр. Бергі бетіне Торғай даласына — аштық қүйзелткен Ресейдің ішкі аудандарынан жылжып, көшіп келе жатқандар мынау.

Күймеге жақындалап, андыздалап, еліріп келген жириң мұжық  
Ыбырайды коргенде борқін алғып, қалбалактап қалды.

— Мәртебелі төре, Воронежден келеміз. Баар жер Иргиз  
бекінісі. Жұрт аш, таяу жерде ауыл жоқ па? — деді.

Мына кош үшін Үргыз кемі екі құндік жол. Оған дейін  
көштің қақ жартысы қырылатынына көзі жеткен Үбырай:

— Кешкісін Сорвиголова станицасына жетесіндер. Ата-  
манға тапсырып кетермін, — деді.

Жириң мұжық шоқының:

— Файсаның өзі сақтасын! — деп, дұға қылды. Үбы-  
райды орыс шенеунігі деп қалған.

— Мынау қайтеді, — деді Құдері сезіктеніп, бізді шо-  
қынды деп тұр ма өзі?!

— Әңгіме оның сенім-нанымында емес, — деді Үбырай  
күймесіне қайыра жайғасып, бар бәле оның даламызыға әке-  
ле жатқан қасқой ниетінде болса керек. Үрлесен тұтанғалы,  
дыбыс берсең атой салғалы тұратын атамандардың қолына  
түссе, екі жұрт арасы қандасудан тыйылмайды.

— Ойбай-ая, оларды қайтіп тыймакпыш?

— Оның жолы бауырмалдылықты дәрілтеу. Орыс елі  
өзгені көп көрді. Өзге елдің мұң-мұқтажын орыс адамы  
алыстан көреді. Істің осы жағын таза ұстауымыз керек. Мә-  
селен, үлкен ғалым, шығармаши Лев Толстой деген кісі  
башқұрт жерінен жер сатып алғып, қымыз ішіп, сайдандап  
кететін көрінеді. Нашарға ара түсіп, жәрдем көрсетеді екен.  
Өзі патша ағзамнан кейін орыстың аксүйек тұқымы, әрі  
Ресейдегі онірі шонжар, атағы граф бола тұра, ойлайтыны  
қара қауым қамы. Марфутка мен Тараськаға озіміз билетін  
дүниеден хабар берейік деген созі бар ол кісінің.

Құдері Үбырай сырына әбден қанықпыш деп ойлайды.  
Шекаралық комиссияға тиісті атқорада жүріп, азды-көпті орыс  
сөздерін үйреніп келеді. Үбырайдан жасырған болады. Әйтсе-  
де ара-тұра: суат басында, копір аузында жолығып қалатын  
қыршаңқы топқа араласып, ашу шақырған тұста аянбайды.

Кейін Үбырай таныс саудагерлерінін үйіне шығып Құдері  
де сонда мекен тепкенде, бұл билетін орыс сөздерінің жары-  
мы көше сөздері болып шықты. Саудагердің арбакешін ертіп  
келіп, ер-тұрман, әбзел, күймелі арбаның әр болігін Құдеріге  
үйретуге, атын-аудармасын жаттатуға жүктеген. Одан кейін  
үй-іші мүлкін озі үйретті. Мыло — сабын дегенге ғана Құдері  
тілі сынбай қойған.

Ал, үрсисуға келгенде Аманжолдың билеріндегі желпінеге еді!

Сай табанындағы ағаш көпірге тақап келгенінде, арғы беттен де сінірлі жуан аяқ аттар жеккен жалпақ арбалы шыға келіп, екпінің тежеді. Мына күймені тегін кісі демеген болуға. — Енді болмаса етегі келте қыпшақ тымағын алуға онтайланып та жатыр.

— Ой, мынау Үдербай мерген ғой — деп Күдері қуанып, айғайлап жіберді. — Бұл қияда не ғып жүр.

Күдері көпірден аяңдап өтті. Осы кезде сол жақ бүйірден жиырмаға жуық жас жылқы: құнан мен дөнен шығарды айдал, үш салт атты шыға келген еді. Мал іш тартып өбден жарауланып алыпты. Ақ сойылдың астында өбден бас біліп, оқ бойы шоқытып келе жатқан жігіт артынан қоктем сүннайды лықсып келеді.

Қасына тоқтаған күймеге сенімсіздеу қараган Үдербай тымағын алғанша, Ыбырай да жерге түсті.

Үдербай тез танып, алып денесін оңай билеп, ұмтылып кеп, құшақтап амандасты.

Жылқыны көпірден өткізген жігіттер де ат басын тежеп, бұларға сенімсіз қарасады.

— Көп жүрдің ғой, Ыбыраш, барған жерін аман ба екен?

— Орынбор мен Орскіні кім алатын еді. Тұр солай. Атыстырып, шабыстырып. Торғай тиыш па?

— Баяғы қалпы, қылаң еткенді байқап қалып, сыйдыр еткенді естіп қалып ол да тұр ғой. Қамыт аяқ, ояз да аман. Қатты ішкен күні — шіркеуге маза жок. Даңғырлатып қоңырау үрғызып жатқаны. Әскерінде де үрей болмайды. Мына Кіші Орда Адайымен қоса тағы бүлініп жатса керек кой. Эне келді, міне келді, — деп у-шу.

Бұл Ыбырай естіген хабар.

— Жылқыларыңа жол болсын, мерген.

— Жаманқала базарына бара жатыр едік. Алып шыққанымыз елуге тарта мал еді, қалғаны осы. Аманат қой, қаражат қылсақ деп! Патша салығы тенге жарымнан үш сомға жеткенін естімеп пе едің?

— Жол ауыр, мерген! Тісті мен тырнақтылар көбейіп барады, Мұғаджар іші қайнаған қарақшы. Жәнібектің ескі жолымен үнемі шығыс жағалауды алып отырындар. Орске Тілеу деген жолдасым бар. Мына қағазды соған бер. Әрліберлі мал сатылып болғанша — бұл мал менікі болсын! Гу-

бернатордың өзі берген рұқсат қағазымды берейін, — деп, Үбырай күймесіне қайыра мінді.

Қоныс аударушылар көші көпірден өте бастады. Бағзы жириен мұжық Үдербайды момын қазақтың біріне жорып қап, атын тартып алмакқа ниеттенген еді.

Үбырай күймесі қарсыдағы белден асып кеткенде, көпірден өткізбей алдын орай берді..

Көш өтіп болғанша Үдербай сабыр еткен. Енді байқаса және бір үш-төрт мұжық үмтұлысып келеді екен.

Бұл арбадан түсіп оларға карсы жүрді. Мұжықтар қоршап алған шағында, қойнынан қағаз шығарып:

— Эй-әй, күбірнатыр-ояз! Білдің бе, ояз — деді айғайлап...

Мұжықтар селт ете қалысты. Көштен бір метр жақындаған.

— Этот косяк молодняков губернатора! — десті ол бывайшыларына.

Мұжықтар шегінісіп кетті.

Үбырай берген көк қағаздың күшін Үдербай енді түсінді. Ақ сойыл мен шолақ шоқпар не үрып жықпай, не үрылып жығылмай тоқтамас еді. Ал, мына қағаз... шытыр етті де, болды сол! Түйілген жұдырық, қызарған қаскөй қанды көз жайына қалды. “Бұл не деп ойлады мерген, қағаз мықты ма, қағаздағы сөз мықты ма? Әлде осының бәріне өнері, біліктігі жетіп жүрген біздің Үбыраш мықты ма?”

Дегенмен аға жүрегі Үбырайына қарай бұра беріп еді. “Тегі біздің Үбырай осал емес. Айналада, жапан түзде жауықкан жандарды басып, сабасына түсіретін қағазы бар ғой оның. Еліне ара түссен, қорған болсаң тегі Кенехан секілді қан сапырмай, қағазбен-ак қару қылуға болады екен-ау”.

Үдербай Мұғаджар сілеміне ішккенде атының басын тартып еді, Үбырай күймесі қарсыдағы сағымды оянда бұлдырап барады екен.

Оқалы киімді жүргіншісі бар, күймелі трашпенке жеккенді көрсе қалтырай қалатын Үргызбен көршілес отыратын төленгіттің төре ауылы — Үбырайды көргенде қоғадай жапырылды. Онысызда иілгелі тұрған бастарын бөгелек тиген жылқыдай шұлғысып, онсызда жарамсақтануға әзір

түрған қулар бетегеден аласарып, ұра қалса тоса қалуға бөкселерін әзірлең, қамшы жеп алақайыс болған өгіздерше ығысып-ақ жатыр. Қай елде, қай заманда болмасын отарлық саясаттың адам баласына егіп тастайтып бүл жемісіне Ыбырай таңырқаған жок. Жасыған елдің жасық ниетіне ыза болды да қойды. Ел деуге қызғанды да. Әйтпесе әлгі ығысып жүргендер жоғарыдан корген зорлығын өзінен томенге байқатқан шағында не бір қанқұмарлардан да өрі кетер еді!..

— Жасу, жабырқау — халық мінезі емес, — деп ойлады Ыбырай. — Ерлік, ізгілік кана халық мінезі.

Аз уакыттың ішінде Ыбырай алты қанат ақ үйдін ішінде отырып үлгерді. Орыс чиновниктерінің киіміндегі жезмұрт, шоқша сақалды Ыбырайды мына қауым орыс, яки қазақ екенін айыра алмаған түрі бар. Бетіне қарауға жасқанып, тілдесуге бата алмай, ауылдың аксақалдарына кісі жүгіртпін жатыр.

Олар да: алда десіп, тағы қандай ала найза келді десіп, күпісінің жеңін таба алмай, табалдырыққа сүрініп қалып жатқан секілді. Әйткені, мына алты қанат үйде — Күдері екеуінен бөтен жан жок.

Сырттағы құбір-құбір сапырылыс, сасқалактасып өзара соқтығысып қалу бір аңы мыскылды еске салғандай. Оң бүйірде түрған күміспен зерленген сандықты көріп, Күдері:

— Ыбыраш-ага! Құдай біледі, осы үй — төре тұқымының үйі! — деді. Өзін есіктен қолтықтап кіргізген селдір сақалды кісіні көріп Ыбырай да солай ойлаған.

Ыбырай қолтығына үмтүлған және біреуді әлгі: алаң етіп, көзімен атып жіберген. Ол құрғыры бас иіп шегінген. Тағы да төрт-бес аксақалды көзі шалып еді. Олар да селдір сақалға жақындей алмады. Тегі өз елінің азаматтарының қолын алу үшін Ыбырай бүл екі арада: төре, би, старшындарды былай қойғанда, кемі оншақты тосқауыл бар-ау деп білетін. Бұлар басынан да аттаптайты, арасынан да өткізбейді, оратысып та жібермейді.

Үйге биік қара кісі кірді. Ыбырай орнынан тұрып сәлем беріп, қолын алды. Ол да бір кесір болар, ерні қыбыр етті. Жүрісін бәсендептей, үйдің құбыла тұсындағы торт қабат көрпеге жайғасып, тас мүсіндей қата қалды. Жамылған оқалы шапаны сопақ иығынан ырғып кетсе де мән берген жок. Ыбырай қайта жайғасқанда да көз қызығын салмай қойды. Мұның қазақ екеніне көзі жеткендіктен, ендігі өулиелігің

мен мықтылығынды көріп алайын дегендей тым-тырыс. Ыбырай оның бетіне біраз қарап отырды. Кірпіш маңдайдың танауы ете жұқа екен. Бұлардың көзінше аузымен дем алуға қысылғаны байқалады. Жұқа танауына іштеп шыққан демі сыймай, танауы желп-желп етеді.

Жезмұрт сол кекшиген қалпын бұзбай отырғанымен маңғы селдір мұрттың шаруасы бітпеген екен. Үйге кіріп босағаға жайғасқан қалпы, төрдегі тас мүсінге аңшының итіндей мөлдірей қойды. Ыбырай енді байқады. Селдір мұрт кескіні шикіл сары екен, көзі тұздай.

Жезмұрт селдір мұртқа ым жасаған болу керек, осы үйге лайықты дегендегі бір-бірлеп кіре бастанды. Қол алып амандасу жоқ, сәлем беріп бас іп, қос босағаға жайғасып жатыр.

Күдері де солардың арасында қалған. Қасына келіп жайғасқандары сәлем бергеннен соң бет-ауыздары тас мүсінге айналып, сіресіп қалып жатыр. Көз қыықтарымен жезмұртты да, Ыбырайды да андып отырғандай. Үй іші сүп-сүық ызғарға толып бара жатқан секілді. Жезмұрттың қабағы қозғалса, бәрі өре түргеліп Ыбырайды да, Күдеріні де боршалап жеп қоятындар.

Алпыс сегіздің заңына лайық облыс, уезд құрылып, болыстық, әкімшілік орнап, соған орай уездік орталықтарда бір-бір орыс-қазақ мектебін ашып, одан өрі болыстық мектепті де үйымдастыруға да өз пікірін өткізіп, тіпті қол-өнер училищесін ашуға дейін белін бекем буған Ыбырай — сол шаруаларының мына отырған топтың сарабына түсерін білгенде, іштей мұлдем жүдеп қалды...

Ие, бұл үшін керемет сенім иесі, жарықты сүйетін кісі болу керек екен-ая. Бұқіл империя үстін қапталдай жауып алған қаранғы түн ішінде әлде бір жылтылдаған от үшқыны байқалатын секілді. Ол — халқының ақ көнілі екен. Жұрттың діни фанатизм деп аталатын қырсықтан аман, дені сау екенін билетін, өз елінің төр баласы үшін қандай сенім керек? Анау, орыстың үлкен ғұлама қалам иесі, граф Толстой да өз халқының осы қасиетін билетіндіктен іс бастап кеткен жоқ па?

Күймедегі үлкен қоржында сол граffitiң барон Корфтың, ұстаз Бунаковтың оқулықтары да Ыбыраймен бірге қазақ даласына сапар шегіп келеді...

Ал, мына үйдегілер — қокырайысып отыр. Сонау Мұғаджар мен қазақтың қатпарлы таулары басталатын бел-белестерге дейін аймаққа не жасадық деп біледі екен?

Қазақтың жүздеген ханы болған ғой. Сырым мен Истайдың ақ найзасы тот басқан тәкаппарлықтарын, киіз тақтарын, салпаң құлақ меммендіктерін шайқамағанда — бұлар сол шығыс елінің меңіреу салпы етек марғаулығын ұстанып отыра берер еді.

Тап іргеден шыға келіп патша отаршылдығы қозін қызартқанда мына отырған тірі әруақтар момын елді оп-оңай сатып жіберген! Онда да сол елге патша қаруымен, қүшімен үкім етеміз деп ойладп еді. Отаршыл саясат: қасқырдың сау күніндегі өніне басқанда, міне, хандықтан да, сұлтандықтан да, тархандықтан да сыпрылып қалды...

Желі жоқ ескі қеуделерін қөтеріп, салмағы жоқ биліктерін айтуды өлі қоймапты. Бұлар — ендігі тірлік тірегі отарлаушыларға сүйенүде екенін түсінген, бірақ жолын таба алмай отыр.

Ыбырай секілді “көзі ашық” жігіттер солармен жалғастырып жіберсе, момын елді талап жеуге тістерін қайрап отыр. Тісі жоқ осырық шалдардың өзі қызыл иекпен-ақ сілекейлегісі келеді!..

Жезмұрт сөзді Ыбырай бастауға тиіс деп, сіресіп отыр. Ыбырай тек жолаушы ғой. Өзі бастаған іске бұлардан соқыр тиын пайдасы жоғып білгенмен, мына тақаппарлықтарының соңшалықты арзандығына ачы сауал ойлады

Үй іші үндеместерге толып бола бере, қымыз сапыратын сырлы зерең мен сапты аяқты ұстап, бір кісі кіріп келе жатты. Іле қымыз саба да жеткізіліп еді. Жез-мұрттан бастап таратылған сырлы аяқтар Құдеріге жетпей қалды. Ол елең қылмастан:

— Ырғыз өзені көктемде ғана тасиды ғой, — деді.

Жұрт қалай түсінсе солай түсінсін, әйтеуір айтып салды.

Жезмұрт Құдері түгілі осы елдің тоқсанға келген шалынан — өзі тұрганда — сөз бастауын естіп көрмеген жан ғой, атқосшыға қызыл қозін оқша қадаған болды. Құдері әріге кетті.

— Ал біздің Торғай жаз бойы тасиды!..

— Сол өзеннің құрдымға келіп құятынын білемісің, батшагар! — Сөз селдір сақалдікі.

Құрдым Ырғыз жерінде, ақсақал: Сіздің ауылдан алыс емес.

Жезмұрт мынау итінді үргізбе дегендей Ыбырайға жауыға бұрылып еді. Бұл айылын жиған жоқ. Осында өлгі кісі бар ма, жоқ па елең қылатын емес. Жезмұрт Ыбырайдың ойға

біткен ашық мандаійна көз салды. Жолаушы көзі үй ішіндегілерді адам деп отырған жоқ. Ернінде әлде қандай ашық мысқыл бар.

— Күдері, қымызыңды ішіп болсаң, аттарыңды өзірле, — деді Ыбырай, оның түк татпаганын білсе де.

— Ие, оте жақсы сусын екен! Шөлім бір қанды-ау. Қанша дегенмен берекелі ел ғой! — деп, Күдері орнынан тұрды. — Қонақ күтіп үйренген!..

— Бәлі, қашаннан бері Балғожа бидің сөзін атқосшы сөйлейтін болған! — деді жезмұрт.

Ыбырай асықпай отырып қымызын ішті де, еппен орнынан тұрып:

— Жолаушының ақысы жүрсе біtedі деген, ақсақалдар. Сусындарыңыз үзілмесін. Генерал-губернатор мырзаның тапсырмасын алып едім. Жол алыс, әрі ауыр, — деп есікке беттеді.

Жұрт аяғын тарта бастады. Күдері көлігі өзір екен. Күйме есігін аша бере:

— Мәртебелі Иван Алексеевич! Мәртебелі мырза! — деген дауыс естіді.

Ыбырай жалт қарады. Протопоп Иванович деген танысы екен. Кезінде діни семинарияны бітірген. Қазан университетіне түсе алмай, Батыс Сібірдегі түрлі миссионерлік қоғамда жұмыс істеген, жасы бұдан бір мүшелдей үлкен, қаба сақалды, жи-рен кісі — үстіне поптар киетін қара сутан, басында қалпағы, қолына кресті таяқша ұстай қалыпты.

Сөз әлпеті қоныс аударушылардың қалпын байқауға шыққан. Қазақ даласына жосыла көшіп келе жатқан мұжықтардың, казак-орыстардың Файсаны ұмытып кетпеуі үшін қам жейтін секілді.

Ыбырайды губернатор кенесінде жолықтырып біраз са-уалдақантын. Теренге барыспаған. Бірақ сол жолы Ибраһим Алтынсарин деуден ғөрі — Иван Алексеевич дегенім дұрыс деп, Протопоп мырза тым еркін кеткен еді. Әзілге орай Ыбырай оған Перғауын атын берген.

Протопоп Иванович көлігі де күймелі трашпанке екен. Жөн біліскеннен кейін мына үйде салқын сусын барын, демалуын есіне салды да, озін Үрғыз сайының арғы бетінде тосып аларын ескеptіп жүріп кетті.

Протопоп Иванович қара сутанының етегіне сүрінген қалпы киіз үйге кірген еді. Күні бойы Ыбырайды ең бол-

маса шығарып та салмаған төре түқымы селт ете түсісті. Өзінен қатты ығысып қалған қара тобырды көріп, қолындағы кресін бұрышқа қарап үш рет қозғалтқан бұл тұра төрге, жезмұрт отырған тұсқа беттегенде бөксе жағы шөміп кеткен ол байғұс шапшан тұрып, екі қолын қусырып, басын иіп, бөгелек тиген аттай шүлғыды.

Іле-шала үйге жасы он төрттердегі бала жігіт кірді. Кескіні иә қазақ, иә монгол, иә жақұт деуге боларлық еді. Төрдегі Протопопқа қарап шоқынып алды да, еш именбестен ол да төрдегі босатылған орынға жайғасты.

Селдір сақал мүлдем абдырап отырған.

Жаңағы Ыбырайға көрсеткен қырлары, сіресулерінен тұк қалмаған секілді.

Жезмұртқа қарап:

— Енді мұның тілін қалай таптық, — деді жыламсыраған дауыспен.

— Айта беріңіз, — деді қысық көз кірешін бала жігіт. — Отец Протопоп Иванович облыс бойынша шіркеулер ісін қадағалап, жәрдем беруі үшін келе жатыр. Қасиетті христиан дінінің шапағаты білімсіз, шала дінді қыр еліне де өз нұрын төкпек!..

Мойындарын ішіне тығып алып үйдегілер бір-бірлеп шыға бастады. Манағы тәқаппарлықтары мұжықтың кір шүлғауына айналған секілді. Фасырлар бойы өз кеудесіне өзі жел кіргізіп келген мықтылар өп-сәтте өзінен зор, әрі улы жыландай әсері бар құшті көргенде, судан шықкан тышқандай болды.

Біршама уақыттан кейін Протопоп Иванович бұл ауылдан аттанып кеткен еді. Жезмұртты оңаша алып, қалтыратып, дірілдетіп отырып, қарызға деп, қалтасын қағып кетті. Оның өзінде сендерде дін жоқ, молда қалпе, қазірет, ишан атаулыларының тіпті муфтиге дейін арамза, нағандар. Діннің тәуірі православие, түбінде бүкіл империя болып бір патша ағзамға, бір құдай — Файсаға бағынуымыз қажет. Мұндай кеңшілікті қабылдаған басқа халықтардың алды дін шапағатын коріп, о дүниеде... түп-түгел жұмаққа барып жатыр. Бәріміз патша ағзамның баласымыз, ендеше оның діні бізге ортак...

Жезмұрт мұның теріс дей алмады. Қолынан келгені кіші тоқалын атқа мінгізіп, ауылдан аттандырып жіберіп еді. Оған халқының абыройынан ғөрі, тоқалының абыройы қымбат-тын.

Протопоп Иванович жас келіншеккे осал болғанымен олер жерін білетін, акқайыс, акқаптал дъяқ мінезді кісі. Шу деген-

нен ожданға тиетін қымылға бармайтуғын. Құдірет күші қолында екенін сезгендіктен: уын асықлай отырып таратар еді.

Ыбырай соңынан әттанғаны да сол. Оның мектептерінен тарай қалған сәулеге де у қосып жібергісі келеді.

Жемшұрт ауылы сол шұлғы суымен қала берді. Ыбырай қүймесінің ізіне түсіп, Үрғыздың оянына бет қойған. Алда қалың жаппас елі жатты...

Осы ғасырдың отызыншы жылдары Кіші Ордада Қайып-қали бастаған, Орта жүзде Қасымның балалары Саржан бастаған бүліншілік, толқулар болған фой. Алғашқысы Хиуа хандығының қолтығына кіріп қозғалысты сөндіріп алса, екіншісі — Ташкент құшбекінің көмегімен Ұлытауға дейін келіп, табаны тұрмаған соң, оған қоса қозғалыс барысында сыр беріп қойғандықтан сол құшбекі қолынан қазаға ұшыраған.

Ыбырай сол бүліншіліктер ішінен Сырымды қатты ұнаттын еді. Оның отаршылыққа қарсы қойған қаһарлы талаптары ақылға қонатын...

Ыбырай қарсыдан көрінген және бір ауыл тұтінін шалды. Құдеріге аттарын тың болса соқпай-ақ қой деп ескертті.

Көктемгі жол оянды жерде сыр беріп отырды. Әлі құргай қоймаған шолақ сайлар донғалаққа саз орап, түптегі екі аттың бүйірін сабындағы қылды. Тіркеудегі аттың ерін алып, парамбайға жегісті де оны түпке салды. Ыбырай қүйменін артқы жәшігіндегі кітаптарын ішке салғызған. Құдері — ол жәшік атаулы қымбат бұйым болар, Айғаныс есімді жас жеңгеге деген жасау болар деп, үлкен бір базарлықпен келе жатырымыз-ау деп білген еді.

Ыбырай Айғанысты бекініске әкелгеннен кейін бір айдан соң Орынбор жүруге тиіс болған. Генерал-губернатордың жарлығы солай еді. Міне, араға ай салып оралып келе жатқаны осы...

Айғаныс әкелері бүлікшіл сұлтанның қалың жаппас руына жасаған қырғынан кейін Тобылдың жоғары басына жайлауға шыққан Балғожа биге панарап еді. Би сұлтанның қылығына ығыспаған фой. Жәбір көргені жүртты да шеттепеген-ді. Кейін бидің жылқышысы болып кеткен момын шаруаларды да кең ұстаған. Өз қалауын атағанда да би не үйлен, не үйленбе деп сыр бермеген еді. Бәрін жалғыз немересінің шешіміне тастаған.

— Қалың орман ішінде қойдай шашылып, бақып жатқан қыпшақтың көзін ашудың орнына азуы алты қарыс ар-

ғындардың арасына кетіп қалды. Нагашышыл болып барады, — деп күнкіл де туған.

Өзі дуан басынан мектеп ашқан соң біраз мерзімді араға салып Айғанысты салтанатты көшпен көктем түспей, қар босамай тұрып алып кеткен Ыбырай атасының жылы қабағын көргенде мұлдем күшейіп кетіп еді.

... Айғаныс — мұның құшағына өзгеше өмір жылуымен кірген. Міне, Торғайға асығудың және бір себебі де осы:

— Күдері, — деді Ыбырай серігін иыққа қағып. — Сенен үш тілек бар.

— Онын айтсаныз да орындаймын.

— Алдымен үлкен топта, үлкен кіслер алдында сөйлеуінді қой. Екінші, алда жұз шақырымдай жер бар. Аттар күшін соған орайла. Және, үшінші, неде болса Протопоп Ивановичке жеткізбей кетейікші...

— Айттыңыз болды. Әлгі бобыңыз шоқындыруға келе жатыр деген сөз рас па?

— Жоқ. Торғайдың тамырын басу үшін келе жатыр. Қолынан келсе Батыс Сібір архиепископының ісін қазак даласына қолданбақ. Онысы бола қоймас.

— Түсі суық өйтеуір, — деп, Күдері жүдеп қалды.

— Корықпа, — деді Ыбырай күліп. Оған қарсы керемет күш бар. Оны дін де, отаршыл саясат та жеңе алмайды. Оның аты — орыс оқуы, — ағарту ісі. Мына сандықта соның ғажайып құралдары жатыр. Толстойдың “Әліппесі” Бунаков, Корф, Ушинский деген ғұламалардың оқулықтары.

— Ойбай-ау, бұларыңыздың бәрі орыс қой. Іслемнан бірдеме жоқ па?

— Одан да бар. Келісіп кеттім. Муфтидің мәзіні, қазақтарға арнап, құранның мазмұндамасын жасап бермек. Ол үшін — қысырақтың үйірін сұрады, бірақ...

— Oho-ho! — өйтіп үйренген дүғамыз қалай болар екен? Тал түсте тонау ғой мынау?..

— Эй, Күдері-ай, қай бір тоналмай жатыр едік. Бірақ мениң құраным өзге болар шамасы.

— Оны білем ғой, — деп, Күдері өзін Ыбыраймен жолдас санай сөйледі. — Білемін ғой, аға. Сіз үйқысырағанда үнемі Айғаныстың атын атап жатасыз. Бәлкім құраныңыздың ішінде айдай сұлу жеңгеміз де жүр-ау деймін.

— Сен ақын болуың керек, — деп Ыбырай күліп жіберді.

— Мені ақын қылған өзіңіз. Кетрамбордан көрген кіші ордалық ноғайлының қыздарын көргенде, жылағым келді аға.

— Оның қалай?!

— Қолыма түспейтінін білдім ғой!

Күдерінің шыны сол еді. Ұбырайдың аққудай ақ қызыда-рымен қатар жүріп, ұлкен жиын-тойға қатысқанын көріп, ақ торғын қыз қолын сүйгенін көргенде, ағасының арманы жоқ шығар деп ойлаған.

Жатақ үйге оралғанда Айғанысты талай рет есіне салып та үлгіретін. Ондайда Ұбырай мұлдем жадырап, келіншегіне алынар дүниеліктерді санай бастайтын. Бірақ арада екі-үш күн өтпей жатып, әлгі аталған заттар саны азайып қалатын. Жолаушылар қалтасы жүқара беретін.

Ұбырай қаншама үнемдегісі келгенімен себеп көбірек табылатын еді. Бүгін қаражат атаулыдан құралақан келе жатса да, қажетті кітаптарын түтел алып үлгерген ол — өзін ерекше бай санап концілі тоқ келеді. Сонау көюжиектерге асыға жетіп, асып түскен сайын жүрегі де жыли түскендей... Алда ел бар, өмір бар, сүйіктісі Айғанысы бар ғой.

Кенет арт жақтан дүбір естілді. Құймеге шапшаң отырған Ұбырай серігіне көзін қысқан еді. Екі тәулік бос жүріп терін үгіп, жарап келе жатқан тыңжылқы күймені үйіріп кетті...

Көре тұрып Ұбырайдың тоқтамай кеткеніне Протопоп Иванович іштей ыза боп қалды. Жуан борбай үйпа жал, түқтарты құмандай мұжық аттары оян жердің ауыр жолын қатты елесіп, жалының түбіне дейін ақ сабын боп, болдырып, ауыздығын да шайнаса, алмай келе жаткан. Ат ауыстыруға Протопоп қызғаныш жасап келеді. Қазақ шаруалардың қолына түссе, мына жүк аттары жүз пүттық арбаны аяңмен алып кетер еді. Тек ұзақ жолға, асығысы жоқ жолғағана жаралғандай. Қазақтың ұзаққа сілтер, домалақ қазан аттары — қүймесінің көркін кетіретін секілді. Болдырса да биік, жамбасты, жалы төгілген мына орал жылқылары — Файсаның өзі әкеліп жегіп бергендей қыр еліне сұсты түрімен әсер қалдыруы керек.

Оның ойы — жергілікті халықтан көлікті Ұбырай арқылы жегу, мына аттарын қайта оралғанша қойып кету, қыр елінің алдында өзінің дъяктік күшін танытып, бекініс қызметкері, сottы, оқытушысын баладай жұмсау.

Ұбырай қарасын үзіп кеткен. Протопоп аттарын қамшылап, қаншама барын салғанмен жете алмасына көзі жеткендіктен, он жақ бұрыс беттен көрінген үш-төрт қараша үйлерге атының басын бұргызыды.

Мұнда ылғи малшы-жалшы үй іші ғана екен. Ересектер жағы мал сонынан кеткен секілді. Қара сирак балалар бұған шошына қарасқан. Қөрші бір лашықтан, жас шамасы он, он екілер шамасындағы бір-екі орыс баласы мен тоғыздардағы қызы шыға келді...

Протопоп Иванович оларды қасына шақырды. Үлкен қара құс, мола бүркіттен қорықкан қояндай әлгілер қалтырап, жуымай қойды.

Бұлар — әке-шешесі жолда өлген переселен мұжықтардың тұқымдары еді. Айдалада сай ішінде аш-жалаңаш қанғып жүрген жетімдерді шаруа қазактар тауып алып паналатқантын. Малшының көже-қатығын боліскең жас бала өлі бұзылмаған дән секілді, мына қыр балаларымен де онай табысып кетіп еді.

Протопоп Иванович істің мәнісін түсінгенмен іші жібермей, дінін ұмытып кетпеу үшін шоқындырып, қолын көтеріп крест жасамақ еді — балалар теріс қарап, қосты айналып кетті.

Протопоп Ивановичтің көшірі — қырықтан асқан Орынбор арбакеші еді. Ол бір дінге сақалдың салығы деп қарайтын жан болатын. Құймедегі кісінің мықты адам екенін білгендіктен ғана сыр бермей келеді. Әйтпесе бір ғана поп жөне оның әйелі жайлы елуден астам анекdot білетін. Орыстың үлкен ақыны Пушкин мырзаның да “Поп пен Балда” деген өлеңі көңіліне тараған еді. Бұл жатқа соғатын.

— Отец Протопоп, егер қарақшылар жолықса қайтеміз! Сырт есітуім Мұғаджар сілемдерінде — олар баршылық көрінеді, — деді.

— Файса бізбен бірге айда аттарды!... Көшір атқа амалсыз қамшы басты.

Протопоп Иванович жүрерінің алдында шекаралық комиссияда Қазан қаласынан арнаулы тапсырмамен келген Ильминскийді жолықтырып әңгімелескен еді.

Николай Иванович өлі елуге жетпеген кісі болғанымен, қаба сақалды, түсі суық, жалпақ ақсары адам болатын.

Ібырай бастаған іске өкімет тарапынан ешқандай қаражат берілген жоқ. Тіпті Петербургтегі ағарту министрі түсінгісі келмеген сыңай да танытты. Ал, православие дінінің үкімет басшысы, аса мәртебелі Синод Орынбордағы ұлықтар атына ауыр-ауыр сөз айтыпты дегенді Ібырай өз құлагымен есітіп қайтты.

Бірақ ол енді шегінуге әбден болмайтынын сезінген.

Ал, Протопоп Иванович болса — Ильминский дің тұтінін бірден үғып, Торғай бекінісіне үлкен ынтамен аттанды. Әйткені бүкіл қыр елінде, империяның әскери-әкімшілік бекіністерінің ішінде ашылған мектептің тұңғышы осы! Ал, Николай Ивановичке әкесіндей сенетін Ыбырай сол бір ұзак сырласуда уездік қана емес, көшпелі елдің қамына лайық болыстық мектеп, қыздар мектебі секілді қиялын да сөйлеп берген.

Бұл жолы Николай Ивановичтің көзі: тышқан аңдыған тарғыл мысықтай жылтылдаپ отырған еді. Ал кескініндегі өзгерісті, қалың үйпалақ сақалы, байқатпаған. Ыбырайдың өзіне жазған хаттарын қатты мақтап, сәт сапар тілеген.

Кең пейілді, ақ жүрек орыс адамы деп танығандықтан елге үлкен сеніммен жүріп кетіп еді. Ильминский Ефракцияның атынан деп, Айғанысқа зиялы орыс қыздарының балға киетін киімдерін түгел салғызыды.

Протопоп Иванович жалпы казак атаулыны күні үшін ғана сыйлаған болатын. Әйтпесе Стенька Разин мен Емельян Пугачевті берген жұртты талай рет анефемаға жатқызыды ғой.

Аттар жаяу аяң деп аталатын бүлкілден әрі кете алмаған соң, күн төбеден ауған шақта Протопоп, ат шалдырмақ болды. Әлде бір терең сайдың өткелінен өтісімен тоқтап, көшіріне жол азығын әкелуді бүйірді.

Ағаш жәшікке орап салған тағамды ашысты. Төрт бұрышты, сиымдылығы екі жарым литрлік қалың шиша ашылып, Протопоп Иванович бір-екі рет тұзды қияр иіскеді.

Кеш түсіп, көз байланып кетпей тұрып, жол бойғы бір бекетке тұсуді ойлаған. Атқосшы кіші бесін шағында мұны күймелеге сүйеп әрең мінгізді.

Протопоп Иванович — қор ете қалды. Тұс көретін секілді, есінде ешиңерсе қалып жатқан жоқ...

Ал, Ыбырайдың күймелі трашпанкесі Тосын құмына жақындаپ қалып еді. Солтүстік қыраң бетпен, тастақты төбелердің етегімен келе жатқан. Тасқа жабыса жер бауырлай өсken қызыл аршаларды көргенде Құдеріге тоқта деп қалды. Жуан, қызыл арша кесіп салды. Ағаштың жұпар іісі — мұрынды жарады. Ол Айғанысты қатты сағынған сияқты. Әйтседе, сыр бермей, Құдеріге алғашқы кездескен ауылға бұрылуды өтінді.

Бірақ жайлауға шығып, көктемгі қакты қуалап кеткен кошпелі ел қазір Сыр бойына қарай жылжып кеткентүғын. Ырғыз бен Торғайдағы бекініс тұрғындары жаз бойы елсіз далада мәңгіреп, өздері ғана қалатын. Осыдан, сонау қараша айында, күзгі қара жусан бой котерген тұста, ел сұы мол өзендерді жағалай тораңғылыққа, көл атырабы қалың қопаға, қыстауға оралар еді. Олар патша үкіметі барын сонда ғана сезетін. Қыс қыспағы алым-салықпен қоса, қолында заң қуаты барларды да танытатын. Дала табиғатының қысымынан ғөрі — ұлықтың ойраны, ел пысықтарының жәбірі, жиырма сомнан артық қылмысты іске правосы жоқ билер жылпостығы — момын елге құпінің битіндей жабылатын еді. Қаһарлы, боранды қыстан кейін жадырап жаз келгенде елімен бірге Үбірай да демін бір-ақ алатын.

### 3

Жалпақ даланың өзіне ғана тән занғылықтары бар. Өткен жылғы жазды Үбірай Үмбетейлер тұқымы мекен еткен Аққол жаққа, киік атуға барып, қайта оралу бетінде Тосын құмын кешіп өтті. Құм — сырт қараған адамға арқасынан сүйк тер шығарардай әсер бергенімен, ішкі дүниесі мұлдем өзге екен. Құм дуалдарының көшүі, өсімдіктері, жануарлар дүниесі бір бөлек. Қысы катты жылдары Торғай өлкесінің бүкіл малы осы құмды паналап шығады.

Сахарада солай. Ол сонау Европадағы Наполеонның жорығын, яки қырық сегізінші жылғы корольдар мен монахтарға жаудай тиген қозғалысты естімеуі мүмкін. Бірақ қырдың “ұзын құлақ” хабары — соққан желден жылдамырақ жүретін еді.

Дуан басына сондай бір хабар Үбірайдың өзінен екі тәулік бұрын жетті. “Балғожа бидің хорунжий шенді оқымысты баласы Кетрамборден шықса керек. Қазақша, орынша оқытып, жұрттың көзін ашамын дегені — бос сөз көрінер еді. Шартық бұқадай гүжілдетіп бір топ поптарды әкеle жатыр дейді. Торғайдың сұы жылып кетпей тұрып, бүкіл арғын, қыпшақты суға малып, Файса дініне кіргізетін көрінеді!”

Баяғыда, оқудан соң Шекаралық комиссиядағы тілмаштығы мен бекініске келгелі іс-қағаздарын, сот ісін жүргізгені ескеріліп, Яков Петровичтің ұсынысы бойынша,

хорунжий шенін алғаны рас еді. Ол — кезінде Балғожа биге де берілген. Атасы қазір — майор...

Ал, шындықта сыймайтыны “бір топ попы”. Ол — Протопоптың аты ғана. Бірақ қыр елінің ұзын құлағын кім түзей алыпты.

Айғаныс Исфахан саудагердің Ұбырайға пәтерге берген екі бөлмелі кірпіш үйінен шықпағанына айдан асты.

Келіншек болып түскелі — әлі дуан бетін қөрген жоқ. Ұбырайдың жолға шығуымен орай сабактары үзіліп қалған он бір шәкірт, биыл екі кластық, төрт жылдық оқуларын тәмамдап, қырға, ел ішіне кетуге тиісті еді. Бір ай бойы саудагердің Орск алмастыру базарына жөнелтетін терілерін, жүндерін сорттасып әбден қалжырасып-ақ жүр. Айғанысқа қол ұшын берер туыстары да бар. Дегенмен Исфаханның сұлу жиені Фатен мұны да көзден таса қылған емес.

Фатен сұлу Айғанысты бірден ұнатпай қалды. Аппак жүзін, үлкен қара қозін, қалың қолаң шашын, жас құлын-дай ойнаған денесін, шаруа қызына тән жұмыр блегін, тұзу аяғын, дөңгеленген мықынын, кіршіксіз денсаулығын өз басының қасиеттерімен салыстырғанда — тұла бойын өрт шалғандай болды..

Айғаныс кең даланың тұнық ауасын жұтқан ақ шағала секілді еді. Ең бастысы ол сүйікті, сүйгізген жар болатын.

Бұл кім, ие, тәнірім-ай, бұл кім?!

Сұлулықтың бары рас. Бірақ сол сұлулық өзінікі ме, әлде өзгенін ермек етері ме?

Айғанысқа қандай киім кисе де жараса береді екен.

Бұған ше?

Үйде жалғыз қалған Айғаныс көрер таңды көзімен атқызып жүрді. Жүдеді де. Фатен үшін — оның жүдегенінің өзі әдемілігін арттыра түскендей еді.

Фатен бұдан талай рет сыр тартпақ болды. Үндемей құтылып жүрді. Исфаханның домалақ, аққұба әйелі Фатенге ренжіп: Ибраһим мырза түбі губернатор болатын адам... Қарап жүріп содан айрылып қалдық. Қырдың картоп жей алмайтын тағы сұлуы қакты да түсірді. Намысың болса — кимылда. Қалайда Айғаныстың бетін Ұбырай келгенше күйелеп қой, одан аргысын өмірдің өзі шешеді деген.

Сол ниетпен Фатен Айғанысты өз үйіне, өз бөлмесіне бастаңғыға шақырды. Әрине, бармау сыйламау еді. Келісім берген.

Кешкісін шапанын басына жамылып, Фатеннің қолынан үстап, үйден шықты.

Көктем күні бұлышты, сүйкі жел соғып, дала азынаң тұрған. Фатен тым еркін қимылдаپ Айғанысты дәңгелек стол қойылған қонақ бөлмеге алып өтті. Исфаханның семіз әйелі құрақ үшіп, мұны бетінен сүйген болып, тәнірісіне жазды. Есік ашылып дуан басындағы байлардың екі-үш қызы келді. Бастарына жамылған шапандарын сілкіп тастанай, қызды ерткен женгелері де сампылдаса амандақ сұрасты. Қолтықтарында дастарқанға ораған ет, жент, шай секілді тағамдары бар...

Қиық көз, бүйрек бет, шотмандауда бір қарагер қыз бұлк-бұлк басып Айғаныстың қасына келіп: төре женгемізді көрелікші деп шәлісін көтерді. Бай қызы екені — алтынды білеziгі мен кемі қадақ жарым күміс тәңгелік тағылған шолпысынан-ақ белгілі.

Айғаныс қыздың кескініне қарады. Қаншама мысқыл араластырамын дегенімен, бетінің үшін ғана жуатын сабаз екен...

Екінші қыз — старшының үйінен болуға. Әкесі мойнына салып жүретін алақандай медальді — қарғы баудай қылыш бұл салып алынты. Дегенмен, иманжүзділеу секілді.

Үшіншісі — орақ тұмсықтау, көзі құлім қаққан қожаның қызы екен. Мыналарға қарағанда денесі түп-түзу, ойқышойқы жері байқалатын емес.

Айғаныс бұл жиналыстың дәм ауыз тиу деп басталып, аяқ жағы қыз ойнаққа ұласарын бірден аңғарды.

Шотмандағы қыз әлсін-әлсін ернін шығарып, әлде нәрсеге риза болмай отырған. Сәлем беріп сымпys киімді төрт жігіт кіріп келгенде іші мұздап кетті. Бабына келген қырдың тазы иттері секілді, алақанына түкіріп, бастарын сипай береді.

Айғаныс шаруа қызы ғой. Жасқанған жоқ. Солақ беттеу, кескіні шата жігітті байқататын бір жігіт қасына келіп жайғаса бере санын шымшып алғанда бұл байыппен орнынан тұрып, әлгіні екі жағынан алма-кезек тартып-тартып жіберді.

— Фатен апай! — деді ол ауыз үйден жүгіріп кірген сұлуға.

— Бұгін-ертең Ибраһим келетін еді. Мына сыйынызды соған жеткізермін. Мені өз болмеме босатыңыз...

Үй іші өлік шығарғандай тып-тыныш еді.

— Ал сіз жігітім арзан дүниені өз арыңыздан ізденіз. Біздің елдің қыздары Наурызбай соғылғанның отыз бес жігітін

о дүниеге жібере салған. Жылқышының қызы екенім рас, бірақ! — деп Айғаныс өзер басылды.

— Е, мен, былай жәй ғой... — деп, анау байғұс жұні жығыла қалғандай еді. Айғаныс шапшаң қозғалып, үйден жүгіре шықты. Өз болмесіне келсе Ұбырай шәкірттері ауызғы болмеде, тактай нар үстінде үрпісіп отыр екен.

Айғанысты қоріп кескіндеріне қан жүгірейін деді. Хауіптерін де жасырмады.

— Жап-жаңа бетін түк басып кеткен бір зенгі келіп, сізді, ағамды сұрады. Біз ешнәрсе білмейтін болдық, — деді шәкірттің бірі.

Айғаныс үндеген жок. Тек жүргегі тағы да қатты соғып кетті. Бұлардың зенгі деп отырғаны, осыдан бірнеше жыл бұрын әпкесі Әйменді суға кетіріп өлтірген жендет еді. Мұны да өкшелеп келеді екен гой...

Қазанға ас салып жатып:

— Бүгін ағаларында оралып қалар, — деп, үмітпен айтты.

Үйге Исфаханның домалақ қатыны келген еді.

Айғанысты құшақтап алып, апыр-ай, апыр-ай деп, қайта-қайта кешірім өтінді. Мұны қырдың қой аузынан шөп алмайтын момын қызы деп білетін қырқар, қысыр жылан қатын — жаңағы шапалақ өзіне тигендей аласұрды.

Айғаныс бейбастақтықтың талайын көрген. Жалшы қызы деп төре сымактар талай рет қолденең жолығып еді. Кейін Ұбыраймен арадағы әнгіме естілген шақта, әлгілердің кеудесі су сепкендей басылды...

Олар сол күні көрер танды көзімен атқызды. Таңертен бір күлкілі жайды да көрісті. Ұбырайдың түлкіге салатын тісті қақпандары болатуғын. Аңшылықты жан-тәнімен ұнататын ол — қақпандарын қадірлеп үстайтын. Ересек шәкірттерге үйрететін. Откен кеш соның үшеуін шәкірт баалалар Айғаныс терезесінің алдына құрып қойған-тын.

Соған Исфаханның өзі үшырап қалыпты!..

Көктем күні бұлышыр мінезінен айнымай тұрды. Құралай салқыны өткен кез, киік баласын өргізіп әкеткен. Айғаныс бұл салқынның тобылғы басын жаратын шақ екенін есіне алды: кәдімгі көктемнің ең бір балғын шағы, қыржуасы бойлап, қымыздықтың жерді жарып, көрінер тұсы.

Енді бір аптадан соң қызғалдақ шешек атады.

Айғаныс күрсінді. Оны қоріп шәкірттері де күрсініп қойды.